

В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОГРАММОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ПРЕДУСМОТРЕНО ОБНОВЛЕНИЕ СЕМИ ВОКЗАЛОВ. СЕГОДНЯ МЫ ОТКРЫВАЕМ ТРЕТИЙ – ВОКЗАЛ СТАНЦИИ АКТОБЕ, КОТОРЫЙ ЯВЛЯЕТСЯ КРУПНЕЙШИМ В РЕГИОНЕ. РАБОТЫ НА ОСТАВШИХСЯ ЧЕТЫРЕХ ОБЪЕКТАХ ПЛАНИРУЕТСЯ ЗАВЕРШИТЬ ДО 1 ОКТЯБРЯ ТЕКУЩЕГО ГОДА. ПРИ МОДЕРНИЗАЦИИ МЫ УДЕЛИЛИ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ СОЗДАНИЮ БЕЗБАРЬЕРНОЙ СРЕДЫ: УСТАНОВЛЕННЫ ПАНДУСЫ, ТАКТИЛЬНАЯ ПЛИТКА, ОБОРУДОВАНЫ КОМНАТЫ МАТЕРИ И РЕБЕНКА, МЕДИЦИНСКИЙ ПУНКТ И ДЕТСКАЯ ИГРОВАЯ ЗОНА. ПОЛНОСТЬЮ ОБНОВЛЕНЫ ИНЖЕНЕРНЫЕ КОММУНИКАЦИИ – СИСТЕМЫ ВОДОСНАБЖЕНИЯ, ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЯ И ДРУГИЕ СЕТИ. ПРИ ЭТОМ МЫ УЧИЛИ ПОЖЕЛАНИЯ ЖИТЕЛЕЙ, ЧТОБЫ ВОКЗАЛ СТАЛ СОВРЕМЕННЫМ, КОМФОРТНЫМ И УДОБНЫМ ДЛЯ ВСЕХ ПАССАЖИРОВ.

Мурат ТОРЕГЕЛЬДИН,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№67 (3214)
25/08/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



ГРУЗООБОРОТ ДЕМОНСТРИРУЕТ РОСТ

По итогам января – июля 2026 года объем перевозок грузов на сети АО «НК «Қазақстан темір жолы» составил 184,4 миллиона тонн, продемонстрировав рост на 3,2% к аналогичному периоду прошлого года. Внутривнутриканские перевозки за отчетный период достигли 97,2 миллиона тонн, а объем экспортных отправок увеличился на 6,5%, составив 53,4 миллиона тонн.



Важное место в структуре грузопотока занял каменный уголь, общая транспортировка которого по всей сети возросла на 3,5% до 60,4 миллиона тонн. При этом казахстанским потребителям было направлено 40,9 миллиона тонн угля, что на 3% превышает уровень прошлого года, а на экспорт ушло 18,8 миллиона тонн с ростом показателя на 3,1%.

Высокую положительную динамику продемонстрировал аграрный сектор: за семь месяцев текущего года перевезено 8,1 миллиона тонн зерна, что на 10% больше прошлогоднего результата. Экспортные поставки зерна выросли на 10,4% и достигли 6,3 миллиона тонн, в то время как внутри республики транспортировано 1,8 миллиона тонн зерна с ростом на 8,6%.

Дополнительно на 14% увеличился объем экс-

портных перевозок продуктов перемола, составив 1,3 миллиона тонн. В сегменте промышленного сырья и строительного сектора перевозка цветной руды зафиксирована на отметке 12,5 миллиона тонн, а строительных материалов – 11,3 миллиона тонн. Значительный прирост отмечен в транспортировке железной руды, объем которой достиг 13,8 миллиона тонн, что на два миллиона тонн, или 16,6%, больше прошлогодних показателей.

Положительные результаты зафиксированы и по наливным грузам: объем перевозок нефтепродуктов вырос на 1,5% до 15,2 миллиона тонн, а сырой нефти – на 3% до 1,2 миллиона тонн. Транспортировка прочих номенклатур грузов составила 36,9 миллиона тонн, показав увеличение на 4,2% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Стабильный рост

ключевых показателей ҚТЖ отражает укрепление экономического и экспортного потенциала страны. Уверенное увеличение объемов транспортировки ключевых сырьевых и аграрных грузов наглядно подтверждает стратегическую устойчивость производственного сектора страны. Национальный перевозчик успешно справляется с возрастающей нагрузкой, обеспечивая бесперебойное снабжение внутренних потребителей и гарантируя своевременное выполнение обязательств перед международными партнерами. Сложенная работа всех звеньев логистической цепи позволяет оперативно реагировать на меняющиеся запросы рынка и сохранять высокие стандарты надежности перевозок.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото Александра ЖАБЧУКА

Инфраструктура

МОДЕРНИЗАЦИЯ ВОКЗАЛОВ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

По поручению Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в стране продолжается масштабное обновление железнодорожной вокзальной инфраструктуры. Программа охватывает 124 вокзала и направлена на повышение комфорта пассажиров и приведение объектов к современным стандартам, сообщает primeminister.kz.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

В ходе реконструкции обновляются здания вокзалов и инженерные коммуникации, ремонтируются платформы и привокзальные территории, расширяются залы ожидания. На объектах устанавливаются современные системы безопасности, лифты и подъемные устройства, создается безбарьерная среда для маломобильных граждан. Там, где существующие здания находятся в неудовлетворительном состоянии, их заменяют новыми пас-

сажирскими комплексами.

По данным на 20 августа 2026 года, реконструкция завершена на 72 вокзалах в 17 областях страны. До конца августа планируется открыть еще 34 объекта, а оставшиеся 15 вокзалов завершить до конца сентября.

Всего в текущем году предполагается завершить модернизацию 121 из 124 вокзалов. Работы на трех крупнейших объектах – вокзалах Астаны, Алматы и Туркестана – продолжатся до 2027 года. Это связано с тем, что здания обладают историко-архитектурной ценностью, поз-

тому реконструкция ведется по отдельному графику с соблюдением требований по сохранению их первоначального облика.

Обновление вокзальной инфраструктуры позволит повысить пропускную способность станций, улучшить качество обслуживания пассажиров и обеспечить более комфортные условия как на крупных транспортных узлах, так и в регионах. В условиях роста железнодорожных перевозок модернизированные вокзалы должны обеспечить соответствие современным требованиям безопасности, доступности и качества сервиса.

АЛПЫС САФАТТЫҚ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің Ақшолақ – Үшбұлақ аралығындағы тақ жолдың 3542-3536 шақырымдары аралығында 60 сағаттық технологиялық толаскез өтті. Рельстік тіректерді жаппай ауыстыру жұмысына Жамбыл филиалынан 100-ден аса маман жұмылдырылып, Шу және Ағадыр машиналандырылған жол дистанциялары тартылды.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Ауқымды жұмысқа арнайы жол машинаның қосылуы жөндеу жұмыстарын сапалы орындау мүмкіндігін арттырды. Айталық, СМД машинасы ескі шпалдарды жаңаларына ауыстырса, МКТ жол жиегіндегі қиыршықтасты шпалдарға жылжытып, тегістеп берді. Ал РМ арқылы ескі шағылтасты тазартып, ХДВ көмегімен жаңасын төсеп болған соң, ЭЛБ, ВПО, ДМ, ДГС және ПБР машиналары жолды түзеп, тазартып, нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкестендірді.

– Рельстік тіректерді ауыстыру, жалпы теміржол инфрақұрылымының техникалық жай-күйін жақсарту – пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Технологиялық толаскез уақытында Ақшолақ – Ақыртөбе

аралығында ұзындығы 8 шақырым жұп жолдың 3565 км ПҚ 1-ден 3572 км ПҚ 10-ға дейін және ұзындығы 6,6 шақырым тақ жолдың 3542 км ПҚ 8-ден 3536 км ПҚ 3-ке дейінгі аралықта шпалдардың тозуына байланысты рельстік тіректер ауыстырылды. Сонымен қатар жұп жолдың аталған учаскесіндегі рельс бекіткіштердің КПП-5 үлгісін SKL-14-ке, ал Ақшолақ – Үшбұлақ аралығындағы тақ жолда ЖБР түрін SKL-14 бекіткіштеріне ауыстырдық. Алматы қаласындағы «Бент» фирмасынан Ақшолақ станциясына – 14 720 дана, Талас станциясына 12 320 дана Фосфо шпалы жеткізілді, – дейді Жамбыл жол дистанциясының бастығы Дәулетбек Несіпбекұлы.

Дистанция бастығының айтуынша, осыған дейін бұл жол аралығында тозған шпалдардың әсерінен түсетін күшке төтеп бере алмай, жол ені кеңейіп, рельстер

сыртқа қарай «теуіп», пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіріп тұрған. Соған байланысты аталған учаскеде локомотивтердің жылдамдығына шектеу қойылып келген. Жол өлшегіш вагон және жылжымалы диагностикалық кешендері арқылы тексеру жүргізіп, 3,4 дәрежелі ақаудың бары анықталған соң ауқымды толаскез алып, бүгінгі жөндеу жұмыстары жоспарланған. Рельстік тіректерді ауыстыру жұмыстары 60 сағаттық толаскез аясында толық аяқталды.

Айта кетейік, СМД-80 кешенді жол машинасы – ТМД бойынша жалғыз дана. Бұл машинаның экономикалық тұрғыда өте тиімді және күрделі жөндеу жұмысы аяқталғаннан кейін пойыздар қозғалысы жылдамдығын тез арада қалыпты жағдайға келтіретіні қазіргі таңда атқарылған жұмысымен дәлелденіп отыр.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК



Қалтай СӘМБЕТОВ,
Құрметті теміржолшы:

ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 293
ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙТЫН
АЛТЫНКӨЛ – ЖЕТІГЕН
ЖЕЛІСІН ЖАҒЫРТУ –
ЕУРАЗИЯ ЛОГИСТИКАЛЫҚ
ТІЗБЕГІНДЕГІ СТРАТЕГИЯ-
ЛЫҚ ЖОБА. БҮЛ ЖЕЛІ
ТРАНСКАСПИЙ ХАЛЫҚАРА-
ЛЫҚ КӨЛІК БАҒДАРЫНЫҢ
МАҢЫЗДЫ БУЫНЫ БОЛЫП
ТАБЫЛАДЫ. ЖОБА ИН-
ФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҰЗАҚ
МЕРЗІМДІ ЖАҢАРТУ СТРА-
ТЕГИЯСЫ АЯСЫНДА ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫЛУДА. ОНЫҢ НЕГІЗГІ
МАҚСАТЫ – ТӘУЛІГІНЕ 33
ЖҮП ПОЙЫЗ ӨТКІЗУГЕ
МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ӨТКІЗУ
ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ, ЖҮК
АҒЫНДАРЫН ЖЕДЕЛДЕТУ,
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТ-
ТІК ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТУ
ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ДӘЛІЗДЕР ҮШІН ТҰРАҚТЫ
КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЕЛІМІЗДЕГІ ТЕМІРЖОЛ
МАШИНАЖАСАУ
САЛАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ
МАШИНАЖАСАУ ӨНЕР-
КӘСІБІНДЕГІ ҮЛЕСІ

13%

ЖЕТТІ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ
ОТАНДЫҚ ЗАУЫТТАР

114

ЛОКОМОТИВ ШЫҒАРДЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
ПОЙЫЗДАРМЕН

7,5 млн

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН.

TRIP OPTIMIZER – ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАНЫСТА



«ҚТЖ» өндіріс процестеріне қазіргі заманға сай заманауи технологияларды дендеп енгізуде. Солардың бірі – Trip Optimizer жүйесін пилоттық режимнен тұрақты пайдалануға көшірді. Бүгінде бұл жүйе 425 локомотивке орнатылған.

Автоматты режимде 4 миллионнан астам километр жол жүрілді. Жүйенің жұмыс істеуі үшін жоспарланған 10 мың шақырым теміржол рельсінің 98%-дан астамы цифрландырылды.

Келесі бір жүйе – Kinetix жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, вагондардың техникалық жағдайын диагностикалауға бағытталған. Ол вагондардың жағдайын қозғалыс кезінде тікелей тексеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда жүйе 4,6 млн-нан астам вагон осін диагностикадан өткізіп, 17,6 мыңнан астам ақауды, оның ішінде 448 өткір ақауды анықтады. Осылайша, жаңа технологияның арқасында станциядағы техникалық тексеру уақыты 30%-ға, ал қолмен жүргізілетін өлшеулер көлемі 70%-ға қысқарды.

ҚТЖ мамандары келесі кезең – Kinetix жүйесін Павлодар, Тобыл, Арыс, Достық, Алтынкөл, Сексеуіл және Шалқар бағыттарында ауқымды техникалық жағдайын диагностикалаудың бірыңғай цифрлық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

Ислам ТАЛҒАТ

ҚТЖ ВНЕДРЯЕТ ЦИФРОВУЮ ПЛАТФОРМУ



АО «НК «ҚТЖ» в рамках реализации стратегии цифровой трансформации приступило к поэтапному внедрению автоматизированной системы управления АСУ «Станция-Узел». Проект стартовал на станциях в границах Алматинского отделения магистральной сети.

Использование собственной цифровой платформы призвано обеспечить непрерывность текущих производственных процессов. АСУ «Станция-Узел» существенно повысит уровень информационной безопасности ИТ-ландшафта ҚТЖ, заложив надежную основу для реализации перспективных корпоративных проектов автоматизации.

Разработчиком платформы выступило АО «НК «ҚТЖ». Непосредственную техническую реализацию проекта, включая интеграцию баз данных и всестороннюю поддержку пользователей, осуществляет филиал компании – «Главный вычислительный центр», ВЧД Алматы. Специалисты обеспечивают техническое сопровождение, интеграцию и организацию работы системы на станциях.

Методологическое кураторство и координацию процессов обеспечивает департамент технологических систем перевозочного процесса филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция перевозочного процесса».

Алматинское отделение магистральной сети становится стартовой площадкой для тиражирования технологии. После завершения этого этапа, согласно утвержденному плану-графику и с учетом объема выполняемых маневровых и поездных работ, систему планируется поэтапно внедрить на станциях Жамбылского, Акмолинского и Карагандинского отделений магистральной сети.

Перевод ключевых функций управления станциями на собственную ИТ-базу означает создание независимой, безопасной и гибкой экосистемы управления перевозочным процессом. Данное технологическое решение полностью отвечает долгосрочным задачам развития транспортно-логистической отрасли и экономики Республики Казахстан.

Алуа ТЛЕУБАЙ

АҚТӨБЕ ВОКЗАЛЫ ЖАҢАРДЫ

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



ЖОБА

Ақтөбе қаласында жаңғыр-
тылған теміржол вокзалы жо-
лаушылар игілігіне берілді.
1976 жылы салынған вокзал
жертөлесі мен техникалық
бөлігі бар, жалпы ауданы 7,4
мың шаршы метрден асатын
алты қабатты ғимарат.



Қайта құру барысында шатыр, қасбет, инженерлік желілер
жаңартылып, үй-жайлардың ішкі безендірілуі орындалды.
Ғимараттың қасбеті фиброцемент тақталарымен қапталды.
Вокзал лифттермен және эскалаторлармен жабдықталған.
Жұмыстарды жүргізу кезінде қазақстандық өндіріс матери-
алдары пайдаланылды. Жаңа жиһаздар мен жабдықтар да
орнатылды. Іргелес аумақты абаттандыру жүргізілді. Мобиль-
ділігі төмен жолаушылар үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Вокзалдың орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 4,7
мыңнан астам адамды құрайды. Станция арқылы Ақтөбені
Астана, Алматы, Орал, Маңғыстау, Бейнеу, Тараз, Шу,
Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай,
Бұрабай курорты және Атыраумен байланыстыратын
34 жолаушылар пойызы өтеді.

Сондай-ақ вокзал арқылы Ақтөбені Ресей, Өзбекстан,
Тәжікстан және Қырғызстан қалаларымен байланыс-
тыратын халықаралық маршруттар өтеді. Вокзалды
қайта жаңарту жолаушыларға қызмет көрсету сапасын
арттыруға, қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасауға,
сондай-ақ теміржол инфрақұрылымы объектісінің сыртқы
келбетін жақсартуға бағытталған.

МЕРЗІМІ ҰЗАРДЫ

 **Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,**
Астана



ЖОЛАУШЫ
ТАСЫМАЛЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ
«Нұрлы жол-Арқалық» жолау-
шылар пойызының қатынау
мерзімін 2026 жылдың соңына
дейін ұзарту туралы шешім
қабылдады.

Тамыз айының басында сынақ ретінде іске қосылған
№225/226 пойыз Астана мен Арқалық арасына қатынап,
Ақмола және Қостанай облыстары тұрғындары үшін
теміржол қатынасының қолжетімділігін арттыра түскен
тиімді бағдар болғаны анық.

– Азаматтардан түскен өтініштер мен қалыптасқан
сұранысты талдай келе, пойыздың қатынауын жыл
соңына дейін жалғастыру туралы шешім қабылданды.
Бағыттың тағы бір ерекшелігі – пойызда Starlink техно-
логиясы арқылы спутниктік интернеттің іске қосылуы. Ал
пойыздың қолайлы жүру кестесі жолаушыларға өңірлер
арасындағы сапарын ыңғайлы жоспарлауға мүмкіндік
береді. Бұл шешім ең алдымен тұрақты көлік қатынасын
сақтауға және жолаушылар үшін теміржол қызметінің
сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған, – деп
атап өтті «Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы
Әнуар Ахметжанов.

2024 жылы шығарылған RWS Wagon жаңа вагондарынан
жасақталған пойыз құрамында 3 купе және 3 плацкарт
вагоны бар. Бір бағытта 250-ден астам жолаушыны та-
сымалдауға мүмкіндік береді.

Заң мен тәртіп

ҚАУІПСІЗДІККЕ ТАЛАП ҚАШАН ДА ЖОҒАРЫ

Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде
жыл сайын теміржол өткелдерінде жол-көлік
оқиғаларының алдын алу, пойыздар мен ав-
токөлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігін
арттыру, сондай-ақ жүргізушілердің теміржол
өткелдерінен өту қағидаларын бұзуына жол
бермеу мақсатында тұрақты негізде кешенді
профилактикалық іс-шаралар өткізіліп келеді.

 **Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана-Шымкент

Биылғы «Қауіпсіз өткел» және «Қауіпсіз темір
жол» сынды профилактикалық іс-шаралар
«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын негізге
ала отырып жүргізілді. Бөлімше мамандары
осы жылы аталған тұжырымдама аясында 12
рейд өткізіліп, олардың барысында теміржол
өткелдерінен өту қағидаларын бұзудың 54
фактісі анықталғанын алға тартты.

– Оңтүстік – халық көп шоғырланған өңір.
Темір жол бойымен қозғалатын адам да,
көлік те көп. Сондықтан оқыс оқиғалардың
алдын алу бағытында біз жергілікті атқару-
шы органдармен және желілік полиция
бөлімшелері өкілдерімен тұрақты жұмыс
жүргізіп келеміз. Быыл да профилактикалық
жұмыстар аясында қауіпсіздік талаптары
мен теміржол өткелдерінен өту қағидалары

түсіндіріліп, нәтижесінде 536 жүргізуші
қауіпсіздік талаптарымен таныстырылды.
Рейдтер барысында бағдаршамның тыйым
салатын белгісін елемей, жабық шлагбаумды
айналып өту, өткел аумағында автокөлік
құралдарын тоқтату және тұраққа қою,
сондай-ақ теміржол өткеліне жақындаған
кезде қауіпсіздік талаптарын сақтамау сын-
ды құқық бұзушылықтарға жол бермеуге
ерекше назар аударылды, – дейді бөлім-
ше директорының орынбасары Жомарт
Мырзабеков.

Теміржолшылар теміржол өткелдеріндегі
қауіпсіздік мәселелері бойынша бұқаралық
ақпарат құралдары арқылы ақпараттық-түсін-
діру жұмыстарын да жүргізіп, теледидарда
сөз сөйлеп, газетке мақалалар жариялап
тұрады. Сонымен қатар мүдделі ұйымдар
мен кәсіпорындардың атына профилакти-
калық жұмысты күшейту және теміржол



өткелдеріндегі қауіпсіздік талаптарының
бұзылуына жол бермеу мақсатында отызға
жуық ақпараттық хат жолданған. Қозғалыс
қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында
тиісті жұмыстар атқарылып, теміржол өт-
келдеріндегі көріну деңгейі жақсартылған.
Сондай-ақ темір жолдарды кесіп өту кезінде
қауіпсіздік қағидаларын сақтауға шақыратын
ақпараттық ескертулер орналастырылған.
Атап өтерлігі, профилактикалық жұмыстар
жол дистанцияларының, теміржол өткел-
деріне қызмет көрсететін мамандардың,
сондай-ақ мүдделі ұйымдардың өкілдерімен
өзара іс-қимыл жасай отырып жүргізілуде.
Әсіресе автокөлік қозғалысы қарқынды
теміржол өткелдеріне және жол қозғалысы
қағидаларын бұзу қаупі жоғары учаскелерге
ерекше назар аударылуда. Қауіпсіздікке
талап қашан да жоғары.

Суретті түсірген автор

КӘСІБИ ДАҒДЫ ҚАЛЫПТАСҚАН



АЙМАҚ

Қызылорда ЖТ бөлімшесіне қарасты Қызылорда агенттік пунк-
ті – Белкөл мен Жалағаш станциялары арасындағы бірнеше бе-
кеттегі жүк тасымалының тұрақты жүргізілуін үйлестіретін
маңызды нысан. Агенттіктегі ауысымдық тәсілмен еңбек ететін
тауар кассирлері мен жүк қабылдап-тапсырушылар өздеріне
тиесілі міндетті тапсырмаларды қалтқысыз орындап келеді.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Нәтижесінде бөлімшедегі құрылымдық
өзгеріске қарай реттестірілген тасымал
үдерісі қазіргі таңда бұрынғы қарқынын
жоғалтпай, керісінше еселене түскен.

Қызылорда агенттігі пунктінің бастығы
Алмас Ұзақбайұлы ұсынған ақпар бір ғана
Қызылорда станциясындағы өндірістік жұмыс
көрсеткіштері – осының дәлелі. Мәселен
шілде айында 678 вагонға жүк тиесе, 1135
вагоннан жүк түсірілген. Ал жыл басынан
бергі жеті айда станция теміржолшылары
3642 вагонға жүк тиесе, 7502 вагоннан жүк
түсірген. Вагондардың түрлері жабық, ашық,
жартылай вагон, цистерна секілді әртүрлі
санатта болуы да жүк операциясының өзіне
тән ерекшеліктерін айқындайды. Берілген
вагонның жағдайы, оның құжаттарының
рәсімделіп, жүк операциясы қаражатының
реттестірілуі біршама уақыт алатындықтан
мұндағы жұмыс шапшаңдықты, дәлдікті,
шеберлікті талап етеді.

– Біздің басты міндетіміз – пойыздардың
қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып станция-
ға келген жүкті дер кезінде түсіріп, шыққан
жүкті тиеу. Тиелікті негізгі жүк – тұз бен



күріш, Шыны зауытынан шығарылатын
өнімдер және тағы да басқа тұрмысқа қажетті
заттар. Жүк негізінен Ресей мен Өзбекстан
мемлекеттеріне жіберумен қатар еліміздің
барлық облыстарына да жөнелтіледі. Ал
станцияға келетін жүктің басым бөлігін
құрылыс заттары, коммерциялық өнімдер,
тұрмыстық заттар құрайды, – дейді агенттік
пункт басшысы.

Жалпы станциялық жолдардан бөлек 47
кірме жолда жүк тиеу-түсіру жұмыстары

атқарылады. Жұмыстың басым бөлігі Алтын
қамба, Шыны зауыты, МЧ бағыты және
М54-бағытында. Қазіргі таңда агенттік
пункт тәулігіне орта есеппен 50-60 вагонға
қызмет көрсетеді.

Агенттік басшысы Алмас Ұзақбайұлы
ұжым тәжірибелі теміржолшылар мен
білікті мамандардан жасақталғанын жет-
кізді. Олардың қатарында жүк вагондарына
қатысты қаржылық айналымды шебер
ретке келтіретін аға тауар кассирі Фарида
Кенесбаеваны, тауар кассирі Ақжарқын
Тастыбаеваны, келген-кеткен вагондардың
жүгіне қатысты жұмыстарды кәсіби деңгейде
атқаратын аға жүк қабылдап-тапсырушы
Мадина Тұяқбаева мен жүк қабылдап-тапсы-
рушылар Еркебұлан Надырбеков, Жарас
Өтепиевич, Оңдасын Абзаловты ерекше
атап өтті.

– Станциядағы жұмыс ауқымы ең
алдымен қауіпсіз қозғалыс, шапшаңдық пен
кәсіби шеберлікті талап ететіндігі белгілі. Осы
кәсіби дағды аталған теміржолшылардың
бәріне қалыптасқан. Ең бастысы өзара
түсінісіп, ынтымақпен әрекет ету біздерге
тапсырылған меженің жоғары деңгейде
орындалуына мүмкіндік беріп келеді, – дейді
агенттік басшысы.

Суретті түсірген автор

ҮЗДІК ЖОЛШЫЛАР ҰЖЫМЫ – ҚҰЛСАРЫДА

Жиырма мың шақырымға жуық созылып
жатқан Қазақстан темір жолының өн
бойында оны күтіп-баптап, пойыздар-
дың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз
етіп отырған 47 жол дистанциясы бар.
2025 жылдың қорытындысы бойынша
Құлсары жол дистанциясы үздік атанып,
ауыспалы туды жеңіп алды.

 **Қосқұйан МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Бұл – әрине ең алдымен жолшы-
лар ұжымының қажырлы еңбегі
мен жоғары кәсібилігінің айқын
нәтижесі. Құлсары жол дистан-
циясының бастығы Нариман
Байбосыновтың айтуынша, соңғы
жылдары дистанцияда жол шаруа-
шылығының сапасын арттыру
бағытында ауқымды жұмыстар
жасалыпты. Егер 2024 жылы мо-
бильді диагностика құралдарының
қорытындысы бойынша жолдың
балдық көрсеткіші 39 балл болса,
2025 жылдың қорытындысында
бұл көрсеткіш 13 балға дейін
жақсартылды.

Дистанцияның 11 желілік
айналымы мен бірнеше цехтары
және механикалық шеберханалары

бар. Қызмет көрсету аумағында
төрт желілік станция мен жеті
бөліктік пункт, 1 класты Құлсары
станциясы, 11 теміржол көпірі,
18 теміржол өткелі, жүзге жуық
темірбетон тұрбалар бар. Соңғы екі
жыл ішінде теміржол бойында 100
шақырымнан астам мал өтпейтін
қоршау салынды. 2024 жылы – 32
шақырым, 2025 жылы 64 шақы-
рым қоршау пайдалануға берілді.
Жолдың техникалық жай-күйін
жақсарту мақсатында 2025 жылы
26 шақырым жол жөнделді. 2026
жылы тағы 30 шақырым жолға
күрделі жөндеу жоспарланған.
Осылайша екі жылдың ішінде
56 шақырым теміржол күрделі
жөндеумен қамтылуда. Сонымен
қатар бағыттамалы бұрмалар да
жыл сайын жаңаруда. 2024 жылы
– 10, 2025 жылы 10 жаңа бағыт-



тамалы бұрма төселді. Құлсары
станциясында бұрын пайдала-
нудан шығарылған №47 және
№48 созылмалы жолдар толық
қалпына келтіріліп, қайта іске
қосылды. Бұл станцияның өткізу
қабілетін арттырып, маневрлік
жұмыстардың тиімділігін жоға-
рылатты.

– Өндірістік ғимараттарды
жаңарту бағытында Боранқұл
станциясындағы табельдік ғимарат
жөнделіп, Құлсары станциясындағы
қазандық ғимаратына күрделі
жөндеу жүргізілді. Шоқпартоғай
өндірістік учаскесінде сумен жаб-
дықтау жүйесі тартылып, жаңа
трансформатор орнатылды. Ма-
териалдық-техникалық базаны
нығайту жұмыстары да жүйелі

түрде жалғасуда. 2024 жылы жол
монтерлерін тасымалдауға ар-
налған екі жаңа вахталық автокөлік
алынып, автотомтриса күрделі
жөндеуден өтті. Сонымен қатар
жолдың жоғарғы құрылымының
материалдарын тасымалдауға
арналған 8 платформа толық
жөнделді. 2025 жылы Құлсары
станциясы мен Майкөмген разъезі-
не жол монтерлеріне арналған екі
жаңа модуль орнатылды. Шағын
механизация құралдары жыл
сайын толық жөндеуден өткізіліп,
олардың үздіксіз жұмыс істеуі
қамтамасыз етілуде. Осының
барлығы – өндірістігі тәртіп пен
жауапкершіліктің нәтижесі. Есепті
кезеңде барлық жоспарлар толық
орындалды, қозғалыс қауіпсізді-

гіне әсер ететін бүлінулерге жол
берілген жоқ, барлық айлықтар
уақытылы өткізіліп, өндірістік
жарақат алу жағдайлары тіркелген
жоқ, – деп мәлімет берді дистанция
бастығы Нариман Байбосынов.

Дистанция бастығының айтуын-
ша, Құлсары жол дистанциясының
табысты жұмысының артында
тәжірибелі өндірістік учаске бас-
шыларының қажырлы еңбегі тұр.
№1 өндірістік жол учаскесінің
бастығы Нұрлан Кемалов – жоға-
ры талап қоя білетін, тәртіп пен
жауапкершілікті бірінші орынға
қоятын басшы. Өндірістегі барлық
тапсырмаларды уақытылы әрі
сапалы орындап келеді. Учаске-
дегі жағдайды толық бақылауда
ұстап, кез келген мәселе бойынша
нақты ақпаратқа ие болуы – оның
басты ерекшелігі. Соның нәтиже-
сінде №1 учаске жыл сайын үздік
өндірістік көрсеткіштерге қол
жеткізіп келеді. Сол секілді №2
өндірістік жол учаскесінің бастығы
Оразай Жалмұханов та еңбек жо-
лында күрделі сынақтардан өткен
тәжірибелі басшы. Ол басқарған
учаскеде ағаш негіздегі жолдар
басым болды және күрделі жөндеу
жұмыстары бірнеше мәрте кейінге
шегерілгеніне қарамастан, жолдың
қауіпсіздігін жоғары деңгейде
қамтамасыз ете білді. Мобиль-
ді диагностика құралдарының
көрсеткіштері бойынша жолдың
жай-күйін тұрақты бақылауда

ұстап, ауытқуларға жол берген
жоқ. Осындай жауапкершіліктің
арқасында оның учаскесі үздік
көрсеткіштердің қатарынан көрінді.
Ал №3 өндірістік жол учаскесінің
бастығы Аманжол Төреахметов
– жас болса да тәжірибесі мол,
еңбекпен шыңдалған басшы. Кеше
ғана өндірістік айналымның жол
шебері болып еңбек еткен маман
бүгінде учаске басшысы ретінде
өзіне жүктелген міндеттерді жоғары
деңгейде орындауда. №4 өндірістік
жол учаскесінің бастығы Жайсамбек
Қойбағаров – теміржол саласының
мол тәжірибесі мен терең білімін
бойына жинаған білікті маман. Ол
өз жұмысын сөзбен емес, нақты
нәтижемен дәлелдеуді жөн көреді.
Күрделі өндірістік мәселелерді
жедел шешіп қана қоймай, басқа
өндірістік учаскелерге де үнемі
көмек көрсетеді. Әріптестері оны
сауатты, тәжірибелі әрі өз ісінің
нағыз маманы ретінде жоғары
бағалайды.

– Бұл төрт учаске басшысы
тәуліктің қай мезгілі болмасын
өндірістегі жағдайға жауап беруге
дайын. Әрқайсысы өз учаскесінің
ғана емес, бүкіл Құлсары жол
дистанциясының нәтижесі үшін
жанашырлықпен еңбек етеді.
Оларды бір сөзбен айтқанда –
өз ісінің патриоттары деуге
болады, – дейді үздік жолшылар
ұжымының басшысы.

Суретті түсірген автор

БЕЗОПАСНОСТЬ И ДРУГИЕ ВОПРОСЫ



Анна МАРЬИНА,
Уральск

В совещании под председательством замдиректора уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақтөбе» Еркена Сахтанова участие приняли ревизорский аппарат департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Уральскому региону, руководители и специалисты станций Орал, Жилаево, Уральского эксплуатационного локомотивного депо, Уральского эксплуатационного вагонного депо, подразделений Актюбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону. Основным спикером выступил главный региональный ревизор (РБ-12) Ерлан Кужумов.

В ходе доклада о состоянии безопасности движения по региону с начала 2026 года он отметил,

Узловое совещание в Уральске прошло напряженно, были подняты и обсуждены актуальные вопросы по обеспечению безопасности движения по итогам работы с начала года и на перспективу.



что было допущено три случая нарушения безопасности движения, причем все – на подъездных путях ветвевладельцев. При этом крушений на железнодорожных путях Уральского региона с начала текущего года не допущено, также и не было наездов на скот и на людей, в прошлом году было соответственно 1 и 2 случая. Было передано 57 информаций, в прошлом году – 136.

В своей работе ревизорский аппарат несколько изменил форму проверок, увеличив долю

внезапных и внеплановых ночных, сократив количество целевых. В частности, с начала 2026 года проведено 137 внезапных проверок (против 104 в 2025 году), внеплановых ночных – 21 (против 15 в 2025), целевых – 112 (211 в 2025 году), что позволило уменьшить число проверок (270 в 2026 году и 289 – в 2025-м), увеличив при этом количество выявленных недочетов. Соответственно выросло и число запретных мер – 445, в прошлом году – 425.



Кроме того, был проведен разбор инцидентов на разъездах Деркул и Колузаново, информации о нарушении безопасности движения на перегонах Вавилино – Семиглавый Мар, Гугня – Пепел, Жаркий – Сулусай и станции Алтабас за июль текущего года. В ходе обсуждения были заслушаны доклады начальника Уральской дистанции сигнализации и связи Шынтаса Қалилоллы, замначальника Уральской дистанции пути Талгата Мергенева и других. Также обсуждались вопросы индивидуальной и коллегиальной ответственности за нарушения безопасности движения, рассматривались предложения по улучшению организации труда и отдыха работников подразделений филиалов, необходимости активизации профилактической работы с населением.

Фото автора

УТЕЧКУ ЛИКВИДИРОВАЛИ БЫСТРО

На станции Есиль Костанайского региона состоялись тактико-специальные учения на тему «По условному устранению течи опасного груза при перевозке на железнодорожном транспорте».

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как рассказал региональный инспектор Костанайской негосударственной противопожарной службы Алимгазы Габдугалиев, в учениях приняли участие пожарный поезд станции Есиль, противопожарные подразделения, а также формирования НЖС-2 и гражданской обороны, звенья по электросетям связи, звено ВЖДО, члены дорожной полиции, санитарный пост станции Есиль – всего более 25 человек и две единицы техники.

По легенде учений, при перевозке по железной дороге опасного груза произошел его розлив. Сигнал о ЧП поступил на пульт дежурного. На место происшествия

были немедленно отправлены все выше-названные службы, которые прибыли на место довольно оперативно. Первым делом они приступили к оцеплению места ЧП, а также к локализации опасного очага разлива. Особенно оперативными и профессиональными действиями отличился экипаж пожарного поезда станции Есиль и подразделений гражданской обороны. По которым было замечено, что в подобных учениях они участвуют регулярно. Очень скоро очаг разлива был изолирован, а затем и ликвидирован. По итогу руководство дало положительную оценку данным учениям.

– Личный состав показал высокий уровень профессиональной подготовки и слаженности, – резюмирует Алимгазы Габдугалиев. – Подобные учения позволяют



нам держать в полной боевой готовности противопожарные подразделения и все профильные службы. Ведь, как известно, железная дорога – объект повышенной опасности, и мы обязаны быть готовы к любому сценарию. Благодаря таким тренировкам мы обеспечиваем безопасность движения, сохранность грузов и защиту жителей региона.

Фото автора

ИНВЕСТИЦИИ В БУДУЩЕЕ



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Программа демонстрирует уверенный качественный и количественный рост. Так, в 2025 году к полевым инженерно-геодезическим работам были привлечены 36 студентов ALT University. Главным итогом работы стало реальное признание их навыков: 10 выпускников практики были официально трудоустроены в линейные подразделения Дирекции магистральной сети сразу после завершения обучения.

В 2026 году успешное направление получило свое логическое продолжение. В текущем сезоне производственный опыт получают уже 44 студента, что на 8 человек (или на 22,2%) больше показателей прошлого года.

Значительно расширилась и география практической подготовки. Сегодня будущие железнодорожники распределены по ключевым железнодорожным станциям и производственным участкам страны. В их число вошли объекты НЖС-7 (в частности, ПЧ-Актогай и ПЧ-Алматы). Кроме того, ребята активно задействованы в масштабных изыскательских работах для проведения капитального ремонта путей на участках НЖС-3, НЖС-6 и НЖС-10. Такой широкий территориальный охват позволяет студентам погрузиться в

реальные производственные процессы и получить бесценный опыт работы в самых разных эксплуатационных условиях. В ходе полевых инженерно-геодезических работ практиканты работают непосредственно на объектах действующей железнодорожной инфраструктуры. Под руководством опытных наставников они выполняют сложные геодезические измерения, осваивают современное высокоточное оборудование и учатся принимать ответственные технические решения.

При выполнении полевых работ используются современные геодезические приборы, в том числе электронные тахеометры, позволяющие проводить необходимые измерения с высокой точностью.

Студенты принимают участие в проведении инструментальной геодезической съемки существующих объектов железнодорожной инфраструктуры, в том числе железнодорожных путей, а также в определении их геометрических параметров. В рамках практических работ выполняются геодезические измерения на объектах железнодорожной инфраструктуры, инструментальная съемка существующего железнодорожного пути, определение и контроль геометрических параметров пути, определение координат и высотных отметок, работы



по определению продольного профиля железнодорожного пути, сбор исходных данных для последующей обработки и работа с современными геодезическими приборами и оборудованием. Помимо полевых работ студенты выполняют камеральную обработку полученных результатов в специализированных программах.

Таким образом, студенты получают возможность пройти полный цикл инженерно-геодезических работ – от выполнения полевых измерений до камеральной обработки и подготовки итоговых материалов.

В компании отмечают, что организация практики непосредственно на железнодорожных станциях и производственных участках позволяет студентам закрепить теоретические знания, полученные в процессе обучения, и приобрести практические навыки в реальных производственных условиях.

Особое значение имеет возможность работы студентов с действующими объектами железнодорожной инфраструктуры и современными геодезическими приборами, что способствует формированию профессиональных компетенций, необходимых для дальнейшей работы в отрасли.

По итогам практики наиболее перспективные и мотивированные студенты могут рассматриваться в качестве потенциальных кандидатов для дальнейшего трудоустройства в структурные подразделения Дирекции магистральной сети.

Таким образом, совместная инженерно-геодезическая практика является эффективным инструментом подготовки будущих специалистов, сочетая теоретическое обучение с выполнением реальных полевых и камеральных работ на объектах железнодорожной инфраструктуры.

Фото автора

ПОСЛЕДСТВИЯ БЕСПЕЧНОСТИ

Любовь РОВБА,
Астана



Более 450 экстренных торможений поездов зарегистрировано с начала года в Казахстане из-за выхода на пути животных.

Оставленный без присмотра скот остается основной причиной вынужденных остановок поездов, сообщает департамент полиции на транспорте. Если в целом с начала года машинисты прибегали к экстренному торможению в 846 случаях, то большая часть из них – 474 факта – как раз из-за нахождения на железнодорожных путях животных.

Особенно часто подобные происшествия происходят в районе станций Кызылорда, Шу, Атырау и Семей. Один их последних фактов зафиксирован 19 августа на перегоне ОП-42 – Бабатай в Акмолинской области.

– Машинист грузового состава заметил на пути мелкий рогатый скот и незамедлительно применил экстренное торможение. Несмотря на принятые меры, предотвратить столкновение не удалось – погибли пять животных, – отметил заместитель начальника департамента полиции на транспорте Курмет Мажикинов.

За нарушение правил выпаса животных в полосе отвода железной дороги владелец скота привлечен к административной ответственности.

В период летних каникул участились и случаи мелкого хулиганства с участием подростков – с начала года зарегистрировано 44 факта повреждения стекол поездов. Бросать камни и любые другие предметы в движущиеся поезда категорически запрещено. То, что детям может казаться обычной шалостью, в считанные секунды способно привести к травмам, повреждению техники и даже трагическим последствиям.

Наибольшее число таких происшествий приходится на участки станций Алматы, Шымкент, Караганда и Шу. В большинстве выявленных случаев к ним причастны несовершеннолетние. Один из недавних фактов произошел на перегоне Талас – Тараз. Брошенный неизвестным камень разбил боковое стекло электровоза. Нарушителя установили и за умышленное повреждение чужого имущества оштрафовали на 50 МРП.

Железнодорожники совместно с транспортными полицейскими постоянно проводят профилактические рейды и мероприятия, направленные на обеспечение безопасности на железнодорожных объектах.

КУРС НА ВАЙБКОДИНГ

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана



В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» продолжается обучение работников современным цифровым инструментам. В компании стартовала масштабная программа по развитию навыков вайбкодинга, которая охватит весь административно-управленческий персонал, включая работников филиалов.



Инициатива реализуется по исполнению поручения председателя правления АО «Самрук-Қазына» и является частью работы по развитию цифровых компетенций сотрудников группы компаний АО «НК «Қазақстан темір жолы». Завершить обучение планируется до 15 октября 2026 года.

Программа ориентирована на практическое применение технологий искусственного интеллекта в повседневной деятельности. Сотрудники осваивают современные подходы к созданию цифровых решений, позволяющих автоматизировать рутинные операции, ускорять обработку информации и разрабатывать инструменты, адаптированные под задачи конкретных подразделений.

Вайбкодинг представляет собой новый формат работы с AI-технологиями, при котором искусственный интеллект становится помощником в создании прикладных цифровых решений. Такой подход позволяет быстрее анализировать данные, готовить рабочие материалы и оптимизировать внутренние процессы без необходимости глубоких знаний программирования.

Особенностью программы стало то, что обучение проводят подготовленные внутренние тренеры. В числе наставников – руководитель сектора управления рисками и внутреннего контроля Н.С. Дуйсенов, главный менеджер Сектора управления рисками и внутреннего контроля А.А. Аскарова, ведущий инженер департамента по управлению человеческими ресурсами и планированию численности Н.М. Әбдімүтәлі, а также главный менеджер департамента корпоративного развития Ж.К. Сызбек.

Развитие подобных компетенций становится важным элементом цифровой трансформации компании. Освоение современных AI-инструментов способствует повышению производительности труда, совершенствованию внутренних процессов и формированию цифровой культуры, отвечающей современным требованиям транспортно-логистической отрасли.

Фото автора

СТАЛЬНОЙ ХАРАКТЕР ДИНАСТИИ АБЫЛКАСИМОВЫХ

Вековой стаж, 23 судьбы и одна дорога на всех. История семьи, для которой магистраль стала не просто работой, а главным жизненным призванием.

Как известно, Карагандинское отделение магистральной сети – это тысячи километров путей и тысячи человеческих судеб. Но здесь, на Жанааркинской дистанции пути, история семьи Абылкасимовых стоит отдельно. Сегодня это одна из самых многочисленных и уважаемых железнодорожных династий региона: 23 человека, четыре поколения и общий семейный стаж, исчисляемый более 550 годами.

Стоит отметить, главные составляющие династии: начало отсчета железнодорожной истории семьи начинается в 1944 году, продолжают трудиться на магистрали в настоящее время семь человек.

История династии начинается в самый разгар Великой Отечественной войны. В 1944 году 17-летний Шайхау Абылкасимов пришел работать монтером пути на станцию Босага. Юноша быстро освоил нелегкое дело, а затем стал бригадиром. После учебы в Акомлинском техникуме в 1951 году он был направлен на участок Жарык – Жезказган. За 43 года службы Шайхау Абылкасимова отправляли на самые сложные разъезды и станции. Он стал признанным мастером и наставником. Его заслуги отмечены орденами Трудовой

Славы II и III степени, знаком «Почетный железнодорожник» и медалью «Ветеран труда».

Рядом с ним 41 год проработала верная супруга Зулхия Садбекова. Мать-героиня, родившая и воспитавшая 11 детей, успевала все: трудилась продавцом ОРС, а затем – монтером пути на Жанааркинской дистанции. За добросовестный труд имя Зулхий Садбековой было внесено в Золотую книгу Почета Республики Казахстан.

Дети Абылкасимовых, видя ежедневный труд своих родителей, практически все свое свободное время проводили на железной дороге. Когда их сверстники играли в футбол, ездили в лагерь и бесечно проводили летние каникулы, ребята с юных лет выходили на сезонные работы – прополку откосов, подрезку балласта и текущее содержание пути. Со временем они тоже стали железнодорожниками. Так, Гани Абылкасимов прошел путь от монтера до главного инженера дистанции. Его стаж составляет 46 лет. Камы Абылкасимов 48 лет проработал дорожным мастером. Он воин-интернационалист, награжден отраслевыми знаками отличия, Есен Абылкасимов, отдавший магистрали 44 года, по сей день трудится



бригадиром пути, Гульайым Абылкасимова (45 лет стажа) и Кенжегуль Абылкасимова (32 года) преданно трудились техниками околотка, Жарылгап Абылкасимов 32 года отдал нелегкому труду монтера пути. Спустя годы к профессии железнодорожников примкнули и супруги детей: в семье появились свои диспетчеры, касиры, машинисты путевых машин и дорожные мастера.

Сегодня эстафету верности делу принимают третье и четвертое поколения семьи. Внуки Шайхау и Зулхий работают машинистами локомотивов, электромеханиками, диспетчерами и бригадирами пути.

В 2025 году в историю династии вписаны новые имена: монтером пути стал правнук основателей Алдияр Ермек, а приемщиком поездов на станции Караганда-Сортировочная – Арайлым Ермекова.

Сегодня на магистрали продолжают работать семь пред-

ставителей династии: Есен Абылкасимов – бригадир пути (Жанааркинская дистанция), Ербатыр Абылкасимов – бригадир пути, Жасулан Абылкасимов – бригадир пути, Ерсалин Кульманов – дорожный мастер, Алдияр Ермек – монтер пути, Сандугаш Абдишева – товарный кассир (станция Жанаарка), Арайлым Ермекова – приемщик поездов (станция Караганда-Сортировочная).

За статичными цифрами – тысячи километровых перегонов, суровые зимние бураны, летний зной и огромная ответственность за безопасность каждого поезда. Меняются эпохи, на смену ручному труду приходят новые современные технологии, и только отношение к делу в семье Абылкасимовых остается неизменным. Поезд их железнодорожной династии продолжают вести надежные руки.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ҚЫРАҒЫЛЫҚ – ҚАРУЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Оңтүстік» өңірлік филиалының вагон қабылдап алушысы Қуаныш Баймбетов – отыз жылдық еңбек өтілі бар тәжірибелі теміржолшы.



Салаға сіңірген адал еңбегі үшін «Үздік маман», «Адал еңбегі үшін», «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. Ал Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығының «Үздік теміржолшы» төсбелгісін тақты.

Вагон шаруашылығының шебері сонымен қатар ақауды бір қарағанда ажырата алатын қасиеті бар маман. Мысалы, биыл 16 маусымда 8/7 Саратов-Алматы бағытындағы пойыз вагонынан қауіпті ақауды анықтады. Пойыз жөнелтуге дайындық кезінде №14842 вагонының 2-доңғалақ буксы 6 мм жылжып кеткенін дер кезінде байқап, доңғалақ дереу ауыстырылды.

Былтыр желтоқсанда Алматы – Маңғыстау пойызы Алматыдан шығайын деп тұрған кезде де №12491 вагонынң арбашасынан сызат тапты. Ал сәуірде Арыс вагон депосынан жөндеуден шыққан вагонның арбашасынан да осындай ақау анықталған еді. Міне, Қуаныш Баймбетовтің қырағылығы мен өз ісін жетік білуінің арқасында және жұмысқа деген жанашырлығы нәтижесінде осындай апаттарға жол берілмеді. «Әр теміржолшының міндеті – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосу.

Бұл ешқандай ерлік емес, менің қауіпсіздікке қосқан үлесім» дейді кейіпкеріміз.

Қуаныш Баймбетов 1973 жылы Арал ауданы, Сексеуіл станциясында теміржолшылар отбасында дүниеге келген. Теміржол институтын бітіріп, инженер-механик мамандығын алған 1996 жылы Алматыдағы ВЧД-7 вагон депосында слесарь болып еңбек жолын бастады. Сол жылы әскерге аттанып, келген соң ЛВДЧР-26 мекемесінде 2007 жылға дейін слесарь, вагон қараушы, аға цех шебері, аға шебер, бас механик, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. 2008 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Жолаушылар транс» филиалында эксплуатация бөлімінің бастығы, 2009 жылы «Оңтүстік» филиалында бөлім бастығы болып еңбек етті. Ал 2010 жылдан бастап осы филиалда вагон қабылдап алушы болып жұмысын жалғастырып келеді.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

1 қыркүйек – Білім күні

СӘТ САПАР ТІЛЕДІ

Қызылорда ЖТ бөлімшесінде биылғы оқу жылында мектеп табалдырығын аттайтын 32 балаға мектеп құралдары салынған сөмке табыс етілді.



Мерекелік жиын аясында Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бастығы Сұлтанәхмет Жантөреұлы мектепке алғаш баратын бүлдіршіндер қадамына сәт сапар тіледі.

– Әр оқу жылының алдында теміржолшылардың балаларына қолдау көрсетіп, мектепке қажетті барлық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді ігі дәстүрге айналдырғанбыз. Бүлдіршіндерді қуанту – біз үшін үлкен бақыт. Білім жолында қанаттары талмасын, – деді бөлімше бастығы.

Ұжымның бірлігі мен қайырымдылығы мұнымен шектелген жоқ. Белкөл станциясында пойыз құрастырушы болып еңбек еткен марқұм Қуандық Жұмабаевтың шаңырағын да назардан тыс қалдырмай, мектеп жасындағы 5 баласына да құрал-жабдық салынған сөмкелер беріліп, әріптес аманатына адалдық пен бауырмалдықтың биік үлгісі көрсетілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор

235 БҮЛДІРШІНДІ ҚУАНТТЫ

Теміржолда жыл сайын жаңа оқу жылының қарсаңында көпбалалы теміржолшылар отбасының мектеп табалдырығын аттайтын балаларына сыйлық жасайтын тамаша дәстүр қалыптасқан.

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл» филиалының кәсіподақ ұйымы биыл 235 балақайды қуантты. Филиалда ұйымдас - тырылған іс-шарада кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Наурызбаев пен кадрлар бөлімінің бастығы Меруерт Баймұрзаева бүлдіршіндерге оқу құралдары толтырылған қызылды-жасылды әдемі рюкзактар тапсырды.

– Жыл сайын әлеуметтік қартасына қарай тізім жасалып, көпбалалы отбасыларға басым-

дық берілетін. Сөмкелер саны да осыған байланысты анықталатын. Биыл ұл-қызы бірінші сыныпқа баратын ата-аналармен қоса мектеп жасындағы мүгедектігі бар отбасыларды да қостық. Біздің мақсат – теміржолшыларға, еліміздің демографиялық өсіміне үлес қосып отырған отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету, – дейді кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Наурызбаев.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

БЕЗОПАСНОСТЬ НАЧИНАЕТСЯ С НАС

Работники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодар» принимают участие в экологических акциях и мероприятиях по охране труда, объединяя заботу об окружающей среде с ответственным отношением к безопасности.

В рамках реализации плана действий АО «НК «КТЖ» по проведению экологической акции «Таза Қазақстан» работники филиала принимают активное участие в мероприятиях по благоустройству территорий и формированию экологической культуры.

4 апреля 2026 года коллектив филиала присоединился к корпоративной экологической акции АО «Самрук-Қазына» «Мәлдір

бұлақ». В рамках мероприятия на прилегающей территории ГРЭС-2 в поселке Солнечный прошел субботник. Работники очистили территорию от бытового мусора и привели в порядок прилегающие участки.

Такие инициативы становятся частью корпоративной культуры и объединяют коллектив вокруг общей цели – сохранение чистоты окружающей среды и

формирование ответственного отношения к природе.

Не менее важное направление работы филиала – обеспечение безопасности и охраны труда. В 2026 году здесь был проведен комплекс профилактических мероприятий, направленных на предупреждение наездов подвижного состава на работников, соблюдение требований безопасности и предотвращение опасных действий персонала.

В рамках месячника «Внимание, человек на пути!» для работников были проведены технические занятия и внеплановые инструктажи. Во всех структурных подразделениях

филиала разместили информационные аншлаги с разъяснением основных требований безопасности при выполнении работ.

Особое внимание уделялось соблюдению установленной технологии производства работ, безопасному приближению и пропуску подвижного состава, а также своевременному выявлению и предупреждению опасных действий.

Экологические инициативы и мероприятия по охране труда объединяет один принцип – ответственность каждого. Будь то чистота территории или безопасность на рабочем месте, результат складывается из ежедневных действий каждого сотрудника.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар

АДАМ ФАКТОРЫНЫҢ ӘСЕРІ

Жыл басынан бері көлік полицейлері пойыздардың шұғыл тежеу беруіне қатысты 846 фактіні тіркеген. Оның бәрі жолға шыққан төрт түлік пен адамдарға байланысты болған.

Мұндай жағдайлар әсіресе Қызылорда, Шу, Атырау және Семей станцияларының маңында жиі кездеседі.

– Кезекті оқиға 19 тамызда Ақмола облысындағы ОП-42 – Бабатай аралығында болды. Жүк пойызының машинисі темір жолға шығып кеткен ұсақ малды байқап, дереу шұғыл тежегішті іске қосты. Алайда қабылданған шараларға қарамастан, соқтығысудың алдын алу мүмкін болмады. Соның салдарынан 5 бас малды пойыз қағып кетті, – деді көліктегі полиция департаменті бастығының орынбасары Құрмет Мәжікенов.

Тексеру барысында малдың иесі анықталып, Ақмола облысының 63 жастағы тұрғыны темір жолдың бөлінген жолағында мал жаю қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар көліктегі полиция департаментінің қызметкерлері жыл басынан бері пойыздардың терезе шынысын сындыруға қатысты 44 дерек тіркеген. Мұндай оқиғалардың басым бөлігі Алматы, Шымкент, Қарағанды және Шу станцияларының учаскелерінде орын алған.

Анықталған жағдайлардың дені кәмелетке толмағандардың әрекетіне қатысты қатысуымен болған.

Мысалы, жуырдағы оқиғалардың бірі Талас – Тараз аралығындағы теміржол учаскесінде болған. Белгісіз біреулер лақтырған тас электровоздың бүйір әйнегін сындырған. Жүргізілген жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижесінде Тараз станциясындағы көліктегі полиция бөлімінің қызметкерлері бұзақыны анықтады. Ол 19 жастағы қала тұрғыны болып шықты. Бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіргені үшін жауапкершілікке тартылған оған сот шешімімен 50 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Көріп отырғанымыздай, барлық жағдайда да адам факторының әсері жоғары. Яғни немқұрайлық пен енжарлықтан арылып, өз өмірімізге сергектікпен қарасақ, төрт түлікті белгіленген талап-ережеге сәйкес жайып, қарасыз жібермесек, бала-шағаны пойыздар қозғалысына кедергі келтіріп, зиян жасамауға тәрбиелесек, көп келеңсіз жайттың алдын алуға болар еді...

Нұрлай СӘРСЕНҒАЛИ



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ҚАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП Бас редактор Дина Мүздібаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Басылымның таралымы 8 000 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Ежаблат татты Ерболат Тілеуберенов, тел.: +7 702 5795768 Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өздеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Меншікті тілшілер: Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубайева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қржаев 8-777-906-79-80 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20 Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігіінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күнелігі берілді.
--	---	---	--	--